

ISSN 2523-4684
e-ISSN 2791-1241

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми
журналы

scientific
journal

научный
журнал

ARTS ACADEMY

1 (1) 2022

Наурыз 2022
March 2022
Март 2022

2022 жылдың наурыз
айынан шыға бастады
published since March 2022
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады
published 4 times a year
выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан қаласы
Nur-Sultan city
город Нур-Султан

Редакциялық алқаның төрағасы

Асылмұратова А.А. - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары

Нүсіпжанова Б. Н. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

Бас редактор

Толысбаева Ж.Ж. - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Редакциялық алқа

Кульбекова А.К. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

Саитова Г.Ю. - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Ізім Т.О. - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Жумасейтова Г.Т. - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

Казашка В. - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

Фомкин А.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

Дзагания И. - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

Таптыгова Е. - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.

ISSN 2523-4684

е ISSN 2791-1241

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

№ KZ77VPY00045494 куәлік.

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Ұлы Дала даңғылы, 9, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

Chairman of the Editorial Board

Asylmuratova A. A.

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

Deputy Chairman of the Editorial Board

B.N. Nusipzhanova

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

Editor-in-Chief

Zh.Zh. Tolysbaeva

- Doctor of Philology, Professor.

Editorial Board

A.K. Kulbekova

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

G.Yu. Saitova

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

T.O. Izim

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

G.T. Zhumaseitova

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

V. Kazashka

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

E. Veizans

- PhD (Latvia);

M.T. Tulyakhodzhayeva

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

A.V. Fomkin

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

I. Dzagania

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

E. Tapygova

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Nur-Sultan city, Uly Dala avenue 9, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2022**

Председатель редакционной коллегии

Асылмуратова А. А. - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

Заместитель председателя редакционной коллегии

Нусипжанова Б.Н. - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

Главный редактор

Толысбаева Ж.Ж. - доктор филологических наук, профессор.

Редакционная коллегия

Кульбекова А.К. - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

Саитова Г.Ю. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

Ізім Т.О. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

Жумасейтова Г.Т. - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

Казашка В. - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

Фомкин А.В. - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

Дзагания И. - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

Таптыгова Т. - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан № **KZ77VPY00045494**, выданное **02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Нур-Султан, пр. Ұлы Дала, 9, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Казахская национальная академия хореографии, 2022**

Мустафина Шырын Асылханқызы¹

¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ РЕЖИССУРАСЫ:
БЕЙНЕЛЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ІЗДЕСТІРУ**

Аннотация

Бұл жұмыстың өзектілігі – драма театрдың қойылымдарында хореографияны қолдануға деген қызығушылығы. Хореограф және режиссер – шығармашылық пікірлестердің одағы, мақала авторы қоюшы режиссер мен пластика режиссердің спектакльдегі жұмысындағы пластикалық ынтымақтастық сипатын талдайды. Мұнда қазіргі заманғы драмалық спектакльдің жалпы құрылымында пластика алған рөл қарастырылады.

Түйінді сөздер: драмалық театр, пластика, режиссер-хореограф, хореографиялық ойлау, пластикалық лексика.

Мустафина Шырын Асылханқызы¹

¹Казахская национальная академия хореографии
(Нур-Султан, Казахстан)

**СОВРЕМЕННАЯ РЕЖИССУРА КАЗАХСТАНА:
ПОИСКИ НОВЫХ ПРИЕМОВ ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТИ**

Аннотация

Актуальность данной работы состоит в том, что интерес к использованию хореографии в спектаклях драматического театра. Хореограф и режиссер – союз творческих единомышленников, автор статьи анализирует характер сотрудничества режиссера-постановщика и режиссера по пластике в работе над спектаклем. Здесь рассматривается также та роль, которую приобрели танец и пластика в общей структуре современного драматического спектакля.

Ключевые слова: драматический театр, пластика, режиссер-хореограф, пластическая лексика.

Mustafina Shyryn Asylkhanovna¹

¹Kazakh National Academy of Choreography
(Nur-Sultan, Kazakhstan)

MODERN DIRECTOR OF KAZAKHSTAN: SEARCH FOR NEW EXPRESSIVE TECHNIQUES

Annotation

The relevance of this work is that interest in the use of choreography in the performances of the dramatic theater. The choreographer and director - the Union of creative like-minded people, the author of the article analyzes the nature of the cooperation of the director and director on the plastic on the work on the performance. This is also considered the role that dance and plastic acquired in the overall structure of a modern dram theater.

Key words: drama theater, plastic arts, director, choreographer.

Кіріспе. Заманауи драма театрының сахнасына қажетті режиссерлік тұрғыдағы, әртүрлі формадағы жаңа мәнерлі әдістерді зерттеу бүгінгі драматургияда хореографиялық өнерді алып жүруге мүмкіндік береді. Ол ырғақ пен пластиканың мазмұнын, сипаттамаларын жеткізу үшін қажет.

Драмалық спектакльде би ғана емес, оның пластикалық шешімі де маңызды. Би композициялары мен пластиканың спектакльдің негізгі мағынасын аша білетін қасиеті бар және оның көркемдік композициясының негізгі мәнін анықтайды. Бүгінгі күнгі талапқа сай, пластика мен хореография драма театрында өте маңызы. Әлеуметтік зерттеулердің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, көрермен айтылған мәтіннің тек 40%-ын қабылдайды, қалған ақпаратты көзбен көру арқылы алады. Драмалық спектакль көбіне сөзді де, пластикалық шешімді де теңдей қамтиды. Драмалық спектакльдегі би фрагменті композициясының жалпы заңдылықтары геометриялық сызықтар мен сурет салу формалары мен актерлер қозғалысының қабылдану заңдылығына негізделген. Симметрия және асимметрия секілді геометриялық ұғымдар жайында француздық балет бишісі, хореограф және балет реформаторы Ж.Ж. Новерр жазған. Оның пайымдауынша, олар: «... елеулі пайда әкелуі мүмкін; бұл ғылым би фигураларына айқындылық беріп, олардың комбинациясын реттілікке келтіреді,

формалардың нақтылығын арттырады және фигурадан фигураға ауысуды қысқарта отырып, орындаушылыққа үлкен мүмкіндік береді» [1, 84 б.].

Бүгінгі таңда драма, қуыршақ және музыка театрларында репертуарға пластикалық спектакльдерді белсенді түрде енгізе бастады. Театрдың актерлері үшін бұл пластикалық кәсіби жарамдылық сынағы, сондай-ақ өз шамасын мүлдем жаңа нәрседе сынап көру мүмкіндігі. Хореограф үшін - би мен драма арасындағы дүниеге айналған екі жанрдың синтезінде жұмыс істеу мүмкіндігі. Осылайша, драма театрында жұмыс істейтін хореографтың ойлау аясы кең болуы керек, «би-пластикалық лексикасы – өте қарапайым, алайда бірегей, ерекше; кеңістік композициясын, мизансценалау өнерін меңгеруі – барынша әмбебап болуы тиіс. Міне, дәл осы себепті заманауи театрдағы пластика мен биді қоюшының жұмысы қазіргі уақытта «балетмейстер» немесе «хореограф» ретінде белгіленбейді, ол «режиссер-хореограф» мамандығының театр билингвизмі (әртүрлі өнер жанры) белгілерін қамтиды» [2, 15 б.]. Кей кездерде, қоюшы-режиссер актердің пластикасымен және би композицияларын іске асырумен өзі айналысуға мәжбүр болады. Театрға хореограф келген кезде, режиссер бұл жұмыстан одан бас тартады. Себебі, хореографтың пластика жөніндегі режиссердің ойға алған идеясын өмірге әкелу, оны ерекше пластикалық тұрғыдан дамыту және көркем бейнеде ашу үшін әлдеқайда үлкен мүмкіндіктері мен өзіндік құралдары бар.

Бүгінгі күні театрлардың репертуарындағы өзгерістер байқалады. Бұрынғы уақытта негізгі материал - классикалық шығармалар болатын. Заманауи режиссерлер жаңа материалды, бейнелеудің жаңа формасын іздеуге көшті. Мысалы, тағдыры ұзаққа созылмаған, алайда өзінің қызықты жұмыстарымен ел есінде қалған «Ақсарай» театрды. Режиссер, әрі педагог Болат Атабаев басқарған «Ақсарай» мюзикл театры, санаулы ғана театр маусымы ішінде, бойды баурап алатын заманауи хореографиясы бар қойылымдарымен, заманға сай

костюмдерімен, сахнаны көркемдеуімен, кәсіби вокалымен және қызықты режиссерлік шешімімен ерекшеленді. Труппаның ең жарқын еңбектері - «Қыз Жібек» пен «Коварство и Любовь» мюзиклдері болды. Қазақстанның заманауи театр өнерінің дамуындағы маңызды оқиға - «Астана Мюзикл» алғашқы кәсіби мюзикл театрының Астанадан ашылуы болды. Труппа құрамын жас актерлар, Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА «Мюзикл актері» мамандығының түлектері құрады. Театр үшін маңызды оқиға Еуропа елдеріне жасалған гастрольдік сапарлары болды. Театр шетелдік көрермендердің назарына салт-дәстүрді, халық ауыз әдебиетін, ұлттық билер мен «күрес» сияқты ойындарды біріктірген «Қыз Жібек» спектаклін ұсынды. Ойындарды әйелдердің ұлттық билері алмастырды, ұлттық аспаптарда күйлер орындалып, олардың орнын жұптаса билейтін халық билері, айтыс, ауыстырды. Осының барлығы қойылымның негізгі сюжетімен қатар жүріп отырды.

Жаңа бағытта жұмыс істеп жүрген неміс драма театрын атап өтуге болады, ол сахнада өнердің басқа әдісін, әртүрлі көрініс құралдарын, көбірек физикалық әрекетті, спектакльдерге экспериментальді және тағыда басқа батыл шешімдерді ұсынды. Мұндай жаңалықтарды Н.Дубстың басшылығы кезінде байқауға болатын еді.

Ал, жастар театрының көркемдік жетекшісі, Н.Жақыпбаева актерлердің ойынынан жаңа бір мәнерлілік құралдарын іздеп, оларды пластика мен хореография элементтерінен таба білді. Б. Атабаев, Н. Дубс және Н. Жақыпбаев спектакльде пластикалық тәсілдерге жүгінген Қазақстандағы алғашқы режиссерлердің бірі болды деп пайымдауға болады.

Заманауи режиссура бағытының негізін қалаушылардың және пластиканың спектакльде орнығуы мен дамуына әсер еткендердің тәжірибесіне сүйене отырып, еңбек етіп жүрген қазіргі жас режиссерлердің шығармашылығын қарастыра отырып, қызықты салыстырмалы сараптамалар жасауға болады.

Фархад Молдағали – жаңа буын қазақстандық режиссерлердің белгілі өкілі. Режиссер музыкалық

екпіндерге үлкен мән береді, оның қойылымындағы музыка негізгі, кейде шешуші рөл атқарады. Ол хореографияны, физикалық қозғалысты және пластикалық тілді бірдей қолданады, актерлер жеткізгісі келген дүниені пластика тілімен іске асыруға мәжбүр етеді. Физикалық әрекеттер мен хореографиялық мизансценалар сюжет пен кейіпкерлердің көңіл-күйі, атмосферасы ғана емес, сюжеттің берілуіне және іс-әрекеттің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар белгілі бір кейіпкерлердің мінез-құлқын, олардың ойларын, дүниетанымын ашуға көмектеседі. Солардың бірі – «Қарагөз», режиссер бұл жұмысын театр өнерінің жаңа бағыты - soundrama деп атады, қазақстандық көрерменді бұл бағытпен алғаш рет таныстырған да дәл сол Фархадтың өзі болатын. Қазақ класигі Мұхтар Әуезовтің шығармасы – «Қарагөз» спектаклін ол басқа театр тілімен жеткізуге тырысты. Заманауи формалар мен әдістердің қолдана отырып, классикалық шығарманы идеяның түпнұсқасы ретінде жеткізе білді. Режиссер өз қойылымында бүгінгі күннің өзекті мәселелерін алдыңғы қатарға шығара отырып, шығармада көтерілген сұрақтар мен мәселелерді заманауи түрде жеткізді. Дәл осындай тәсіл классикаға жан бітіріп, оны өзекті ететіндіктен, классикаға деген мұндай қатынас өте маңызды деп ойламыз. Спектакль Нарша трагедиясына құрылған (Нұржан Асылхан) шағын бейнелеу құралдарының, ішкі эмоцияның, психофизиканың көмегімен жаңа заманның мінсіз кейіпкерінің бейнесін жасайды. Актриса Қарагөз (Мәдина Орозбаева) рөлінде кейіпкердің метаморфозын, мінезінің жан-жақты ерекшеліктерін көрсете білді. Спектакльдегі пластика маңызды және негізгі оқиғаларды, сәттерді жеткізеді. Үйлену тойының сахнасы көп дүниені аңғартады, жеке тұлға ретінде Қарагөздің орны, оның осы қоғам үшін маңыздылығы пластикамен көрсетілген. Ол барлығы ойыншық қылған қуыршақ, соңғы көріністер – елеуді мессидждері бар хореографиялық миниатюралар. Литвадан келген атақты театр режиссері Йонас Вайткус спектакль жайындағы өз пікірін былай білдірді: «Қойылымда Фархад

Молдағали халық дәстүрі мен әдет-ғұрпына сілтеме жасаған – бұл дұрыс. Меніңше, болашағы зор, болашақта сол рухта жалғасып, тіпті қазіргі қойылымын түрлендіріп, осы оқиғаны басқа жанрда баяндаса, мүлде ерекше спектакль дүниеге келуі мүмкін. Оның үстіне, ол жергілікті дәстүрлерге де негізделген» [3]. Бүгінгі таңда режиссер – драмалық мәтіннің, музыка мен хореографияның синтезі бағытындағы жұмысын жалғастыруда. Жалпы алғанда спектакль - жас режиссердің жан-тәнін сала отырып, жасаған елеулі жұмысы, одан, талдау, ой-пікір, режиссерлік ойлаудың ізі сезіледі.

Осы қатардағы режиссердің бірі – Дина Жұмабаева. Ол әлемдік заманауи режиссура контекстіндегі көрнекті өкіл ретінде көрінді. Д.Жұмабаева жан-жақты режиссер, ол батыл тәжірибе жасап, музыкалық-драма театрына, қуыршақ театрына, тәуелсіз жеке театрға және астаналық драма театрына қойылымдар қояды. Оның спектакльдері ерекше актерлік жұмыстарымен, стандартқа келмейтін музыкалық-пластикалық шешімдерімен, бірегей сценографиясымен және заманауи әлемнің өткір проблемаларын қозғайтындығымен ерекшеленеді. Д. Жұмабаеваның соңғы жылдардағы жұмыстары визуалды және жанды театрды ұсынады, бұл дәстүрлі психологиялық театрдан айырмашылығын баса көрсетеді. Жас режиссердің қызықты жұмыстарының бірі – «А.И.» театрында қойылған Ж. Расиннің «Федра» спектаклі. Мәтіннен физикалық әрекеттер басым, бүкіл сөз қозғалыспен бірге жүреді, бірақ бұл мәтінді қабылдауға теріс әсер етпейді. Сценографияның барынша аздығы мен актерлерге көбірек кеңістік беретін дәстүрлі сахна «киімнен» бас тартқан. Бұл қойылымдағы актерлердің негізгі бейнелеу құралы - олардың денесі. Бұл жерде Ипполит рөліндегі актер Олжас Жақыпбектің шеберлігі мен физикалық дайындығын атап өткен жөн. Спектакль басынан бастап, соңына дейін физикалық әрекеттерге, заманауи хореография элементтеріне толы. Спектакльдің кіріспесі 15 минутқа созылады және бір де бір сөз айтылмайды. Алайда, актер денесінің

дәлме-дәл, мәнерлі және пластикалы түрде жұмыс істейтіндігі соншалықты ұсынылғалы отырған жағдайдың негізгі ойы түсінікті. Актерлердің орындауынан акробатика, байланыс импровизациясы мен заманауи хореография элементтерін көруге болады. «Сатқындық» сахнасына еріксіз назар аудартады. Құмарлық, Ипполиттің қарсыласуы, оның абыржуы мен ұялуы, өкінуі және кейіпкерлердің ішкі жандүниесінің тартысы дуэтпен айқын орындалған.

Дина Жұмабайдың хореограф Анна Цоймен біріге отырып жасаған, қуыршақ театрына арналған «Ромео мен Джульетта» қызықты жұмыс болып табылады. «Мен стандарттар шегінен шығып кеткенді, алайда бұл ретте классика құндылығын сақтағанды ұнатамын», - дейді режиссер [4]. Спектакльде барлығы да ерекше: былайынша айтқанда «гибридтілік», қуыршақ қойылымы мен драмалық актер спектаклінің араласуы, жастардың қабылдауына арналған өте динамикалық сценография және өзіндік музыкалық сүйемелдеу, қуыршақтар мен актерлердің пластикасы. Қуыршақ театрының актерлері сахнада өмір сүрудің басқа форматын қолданады, негізгі құрал қуыршақтар емес, актерлердің өздері сахнада ойнайды, бірақ қуыршақтар да қойылымға қатысады. Концептуалды шешімді қуыршақтардың Қайта өрлеу дәуірі үшін стильдендірілген, ал басты кейіпкерлердің «тарихи киімдерінің» жоқтығынан, олар біздің замандастарымызға ұқсайтынынан байқауға болады. Осылайша, авторлар Шекспир айтып кеткен махаббат тарихының мәңгі өлмес сипатын атап өтеді. Ерекше нәзік етіп жасалған және орындалған сахнаның бірі – Ромео мен Джульеттаның махаббаты және айырылысу алдындағы қоштасуы көрінісі. Әншінің жан тебіренер вокалының сезімге толы мәтінмен үйлестірілуі ерекше эмоциональді, бұл актерлерге естен кетпес махаббат сахнасын қозғалыспен пластика түрінде жасауға көмектесті.

Д.Жұмабай Ш.Айтматовтың «Ана – Жер-Ана» спектаклінде орындаушылық өнердің түрлі форматтарын – сторителлингті (жанр түрі), қуыршақ театрын, заманауи хореография элементтерін, драма

театрын және вокалды бір жерге топтастырғаны өте қызықты. Спектакль барысында табиғи вокал қолданылады, актерлер ырғақты аяғымен келтіреді, бұл жанды музыка әсерін береді. Басты кейіпкер Толғанайдың күйеуі Сыбанқұлмен кездесуі, олардың отбасында үш ұлдың дүниеге келуі, үйге келіннің түсуі, пьесаның соңғы бөлігінде орын алған келіннің жандүниесіндегі күрес – барлығы қозғалыспен және қуыршақтардың көмегімен шешілген. Режиссер актерлермен біріге отырып, Толғанай мен оның күйеуінің кездесуіне арналған қызықты символдық қимылдарды таба білді. Кейінірек үлкен ұлы Қасым мен келіні де осы қимылдарды қайталайды.

Данияр Базаркулов, актер және жаңадан бастап жатқан режиссер, Его театр-зертханасында Горькийдің «Шыңырау» атты спектаклін қою кезінде пластикалық элементтердің көмегіне жүгінді. Спектакльдің қойылымына кіріспес бұрын, режиссер актерлерге арнап қозғалыс және пластика бойынша бірқатар тренингтер өткізуді жөн көрді. Қойылымды би қойылымына айналдыру емес, спектакльдің оқиға желісін баяндау үшін дене қимылдарын қолдану режиссердің маңызды міндеті мен негізгі идеясы болды. Мәселен, Настя мен Баронның, Василиса мен Васьки Пепельдің қарым-қатынасын режиссер пластика арқылы шешті. Хореография қойылымын Абай атындағы ГАТОБ балет әртісі Зарина Айшуакова іске асырды. Жеке әңгімесінде режиссер пластикалық сахнаны қою тұрғысындағы жұмыстың хореографпен бірлесе жүргізілгенін, өзінің көзқарасын түсіндіре отырып, керегі би емес актердің пластикалық шешімін ерекшелендіру екенін алға тартты.

Жеке театр үлгісінде еңбек етіп отырған пластикалық драма театрының жұмысы - режиссер-хореограф Ян Макарецтің «ФриДа» спектаклі арқылы көрінді. Қойылым қызықты, әрі батыл болып шықты. «ФриДа» пластикалық қойылымы - өткен ғасыр феномені, мексикалық суретші Фрида Калло туралы әңгіме. Суретшінің өмір тарихы - бұл күрес, махаббат пен жек көрушілік, достық пен сатқындық, сәттілік пен сәтсіздік. Осының барлығы спектакльде

заманауи хореография мен пластика, құштарлыққа толы танго биі, музыка мен жарық, басты рөлді орындаушының эмоциясы, оның монологтары арқылы «жеткізілді». Басты рөлді де режиссердің өзі орындайды. Спектакльге бес актер тартылған. Оның серіктесі Алина Амелидің жұмысын да атап өткен жөн. Оның Идадан Диегоға, қайтадан Идоға, қарындасы Фридаға, содан кейін Троцкий обрыздарына еніп, түрленіп тұруына тура келді. Қойылымның басынан сахна шымылдығ ашық, сахнаның кеңістігі спектакльдің алғашқы әрекетінен бастап актерлерге тиесілі болады. Хореографияның болуына қарамастан, спектакльді би қойылымы деп атауға болмайды, өйткені хореография мұнда таза түрде ұсынылмайды. Мәтіннің болуы да спектакльді драмалық деуге келмейді. Қойылым ситезделген дарам-пластикаға жақын.

С.Сейфуллин атындағы Қарағанды қазақ драма театрының актері Бек Киекбаев, бірінші режиссерлік жұмысын Ш. Айтматовтың «Буранный полустанок» шығармасынан алынған Мәңгүрт туралы тарихты таңдап, пластикаға негізделген спектакль жасауды жөн көрді. «Қойылым барысында жарық бірнеше рет өзгереді, анасы отыратын ілулі дөңгелек доп сахнаның үстінде айналады, содан кейін доптан бір-бірлеп шығатын мәңгүрттер айналдырады. Биде қуыршақ адамдар механикалық махаббатты, ананы суық қанды өлтіруді, қандас туыстар арасындағы суық қарым-қатынасты, билікке деген таласты бейнелейді» [5, 55 б.]. Спектакль хореографы - Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА түлегі Лаура Ибраева. Режиссердің идеясы мен ойға алған дүниесі Қазақстанның дәстүрлі театр өнері үшін айтарлықтай қызықты да, жаңа форма болды. Алайда актерлердің сахнада мәтінді пайдаланбастан, тек денесін қолданып, өмір сүруге дайын еместігі аңғарылып-ақ тұрды. Л.Ибраева келгенге дейін театрда хореограф позициясының болмағандығын атап өткіміз келеді, театрда балетмейстер лауазымы болмады, осылайша актерлер жүйелі дене шынықтыру жаттығуларынан айырылды, бұл спектакль кезінде актерлердің пластикалық экспрессивтігіне кері әсер етті. Актердің

икемділігі шеберліктің маңызды қасиеттерінің бірі. Хореографияны жете бағаламау спектакльдің құрамдас бөліктерінің өзара байланысының бұзылуына, жанр ерекшелігін анықтайтын синтездің жоғалуына әкеледі.

Тағы да бір ортақ сипат – сахнада сөйлеп және өз образын психологиялық тұрғыдан «өмір сүрдіруге» дағдыланған актерлермен мұны қалай жасауға болатындығын білмеу. Мұндай жағдайда хореограф болашақ актерді қозғалысқа үйретуі, оның пластикалық еркіндігіне қол жеткізуі тиіс мұғалімге айналады, оған қоса уақыт та тығыз. «Актерді пластикалық тәрбиелеу дегенді қалай түсінуге болады? Біріншіден - бұл психофизикалық қасиеттер мен әртүрлі дағдыларды меңгеру. Қазіргі заманға сай актер өзінің пластикалық мәдениетін анықтайтын барлық салада үлкен диапазонға ие болуы тиіс. Актер техникасының негізінде физикалық дамудың үйлесімділігі, жаттығуы және барлық дене бөліктерінің қозғалғыштығы жатыр. Актерге өзінің ұзақ уақытқа созылар тәжірибесінде қажет болатын барлық дағдыларды үйрету мүмкін емес екендігі сөзсіз әрине, алайда оған кез келген дағдыны, кез келген қозғалысты меңгеруге дайындықты тәрбиелеу аса қажет» [6, 17 б.].

Қортынды. Қазақстандағы эксперименттік пластикалық спектакльдердің ортақ ерекшелігі – режиссерлердің басқа мәнерлі құралдарды пайдалана отырып, өзгеше бір шығармашылық бағытта жұмыс істеуге, көзбен шолып тамаша көрініс жасауға ұмтылысы. Жоғарыда аталған театр қойылымдарын талдай келе, заманауи драма театрының өнерінде негізгі бейнелеу құралдарының бірі би болып табылады, ал балетмейстер көп жағдайда қоюшы-режиссерге айналады деп сенімді түрде айтуға болады. Драмалық сахнаның бірқатар талантты заманауи режиссерлерінің шығармашылығын талдай келе және олардың режиссерлер-хореографтармен ынтымақтастық жасау сипатын қарастыра отырып, бүгінгі таңда би мен пластика театр қойылымдарында маңызды орын алады деген қорытындыға келдік. Режиссерлер мен

хореографтардың бірлескен қызметі мен шығармашылық эксперименттерінің жемісті болуы, олардың алдыңғы буын режиссерлердің жетістіктеріне назар аударуының және жаңа жолдарды іздеуден қорықпауының арқасында мүмкін болды. Осылайша, режиссер мен хореографтың тұрақты түрде дамып келе жатқан шығармашылықпен атқарылып жүреген жұмыс, қазіргі заманауи драма театры үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, драмалық сахнаның дәстүрлі тілін байытып, жаңа көркем бейнелеу құралдарын қалыптастыратынын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Новерр Ж.Ж. Письма о танце и балетах. – Л.; М.: Искусство, 1965. – 375 с.
2. Зыков А. И. Театральный «билингвизм» профессии режиссёра пластики и танца // Проблемы художественного творчества и исполнительской интерпретации: сб. ст. по мат-лам Всерос. науч. чтений, посвящ. Б. Л. Яворскому. – Саратов: Саратов. гос. консерватория им. Л. В. Собинова, 2015. – С. 31–39.
3. 20 лет столице // Интернет ресурс: <https://archive.np.kz/hotnewstop/23844-20-let-stolice.html>. (19.11.2021ж. күні қаралды).
4. Театр – это островок жизни. // Интернет ресурс: <http://iconic.kz/celebrities/success-story/429-teatr-eto-ostrovok-zhizni.html> (20.11.2021ж. күні қаралды).
5. Журнал для деловых людей // Интернет ресурс: businesswomen.kz. – № 3(19). – 2010. – С 76-79.
6. Немеровский А. Пластическая выразительность актера. – Москва: Искусство, 1976. – с.119.

References:

1. Noverr Zh.Zh. *Pis'ma o tance i baletah*. – L.; M.: Iskusstvo, **1965**. – 375 s.
2. Zikov A. I. *Teatral'nyj «bilingvizm» professii rezhissjora plastiki i tanca* // Problemy hudozhestvennogo tvorchestva i ispolnitel'skoj interpretacii: sb. st. po mat-lam Vseros. nauch. chtenij, posvjashh. B. L. Javorskomu. – Saratov: Saratov. gos. konservatorija im. L. V. Sobinova, **2015**. – S. 31–39.
3. *20 let stolice* // Internet resurs: <https://archive.np.kz/hotnewstop/23844-20-let-stolice.html>. (19.11.**2021** zh. күні қаралды).

4. *Teatr – jeto ostrovok zhizni.* // Internet resurs: <http://iconic.kz/celebrities/success-story/429-teatr-eto-ostrovok-zhizni.html> (20.11.2021zh. kыni қарaldy).

5. *Zhurnal dlja delovyh ljudej* // Internet resurs: businesswomen.kz. – № 3(19). – 2010. – С 76-79.

6. Nemerovskij A. *Plasticheskaja vyrazitel'nost' aktera.* – Moskva: Iskusstvo, 1976. – s.119.